

DOI 10.52260/2304-7216.2023.2(51).13
 ЭОЖ 339.56.055
 FTAMP 72.19.91

Қ.М. Камали*, э.ғ.к., доцент¹
 А.Б. Тасмаганбетов, PhD, қауымд. профессор²
 М.А. Тлеубергенова, э.ғ.м., аға оқытушы²
 К. Джунербаев, магистрант³
 Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық
 университеті, Алматы қ., Қазақстан¹
 Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
 университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан²
 Esil University, Астана қ., Қазақстан³
 * – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)
 e-mail: kamalieva.k@mail.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫ ЕЛДЕРІМЕН СЫРТҚЫ САУДА ҚАТЫНАСТАРЫ

Мақалада Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше мемлекеттермен Қазақстанның сыртқы сауда жағдайы қарастырылды. Соңғы жылдары сыртқы сауда құрылымында үлестері елеулі және басым тауарлар айқындалды. Негізгі экспорттаушы республика өңірлерінің Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде сыртқы сауда айналымы келтірілді. Достастыққа мүше елдермен арадағы сыртқы сауда құрылымы талданды. Достастыққа мүше елдері аясында Қазақстанның сыртқы сауда құрылымында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақтың мүшелігіне өткен және өтпеген мемлекеттермен сыртқы сауда көлемі бағаланды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері ішінде республиканың сыртқы сауда құрылымында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің үлесі басым екені айқындалды. Қазақстанның Достастық елдерімен сыртқы сауда көлемінің құрылымы мен көлемі сипатталды. Сонымен қатар Достастық елдерімен арадағы сыртқы сауда көлемінің өзгерісі, үлесі мен қарқыны қарастырылды. Елдер бойынша Достастық аясында тауар айналымындағы елдердің үлестері мен тауар айналымының өсімі айқындалды. Достастық елдерімен тауар айналымындағы елдердің үлестері бағаланып, елдің экспорты мен импорты қарастырылып, олардың өзгеру қарқыны мен үлестері келтірілді. Жалпы қазақстанның экспорттық пен импорттық көлемдеріне ТМД мүше мемлекеттерге экспорттың және импорттың қаншалықта әсері бар екеніне талдау жасалған болатын.

Кілт сөздер: экспорт, импорт, сыртқы сауда, сыртқы сауда айналымы, сауда-экономикалық ынтымақтастық, салыстырмалы артықшылықтар, экспорттық әлеует, интеграция, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Еуразиялық экономикалық одақ.

Ключевые слова: экспорт, импорт, внешняя торговля, внешнеторговый оборот, торгово-экономическое сотрудничество, сравнительные преимущества, экспортный потенциал, интеграция, Содружество Независимых Государств, Евразийский экономический союз

Keywords: export, import, foreign trade, foreign trade turnover, trade and economic cooperation, comparative advantages, export potential, integration, Commonwealth of Independent States, Eurasian Economic Union.

JEL classification: F 47, F 02, F 10

Кіріспе. Мемлекеттер арасындағы экономикалық қатынастардың ұзақ тарихы бар. Олар ғасырлар бойы негізінен халық шаруашылығы тиімсіз, жеткіліксіз мөлшерде немесе мүлде өндірмеген тауарлармен халықты қамтамасыз ету мәселелерін шешетін сыртқы сауда қатынастары ретінде орын алды.

Эволюция барысында сыртқы экономикалық байланыстар сыртқы сауда деңгейінен асып, әлемдік нарықтың әлемдік шаруашылыққа және әлемдік экономикаға айналуына, әлемдегі барлық мемлекеттердің өзара байланыстары мен өзара тәуелділіктерінің нығаюына ықпал еткен халықаралық экономикалық қатынастардың күрделі жиынтығына айналды.

Өзара әрекеттесу мен өзара байланыстың мүмкіндігі мен объективті қажеттілігі, ұлттық шаруашылық жүйелерінің жұмыс істеуі әртүрлі мемлекеттердің ортақ экономикалық белгілерінің дамуы мен қалыптасуына әкелді. Сонымен қатар қазіргі әлем елдерінің ұлттық экономикасының дамуы жаһандану процестерінің, әлемдік экономикалық қатынастардың әсерінен орын алуда. Соның салдарынан қазіргі кезеңде ешбір мемлекет жабық экономикалық саясат жүргізе алмауда.

Жаһандану жағдайында халықаралық реттеу барынша белсенді түрде дами бастады, ол халықаралық экономикалық ұйымдар мен бірлестіктердің қалыптасуында көрініс тапты. Аймақтық деңгейде экономикалық ынтымақтастық халықаралық интеграциялық топтар шеңберінде үйлестірілуде.

Қазақстан мүше болып табылатын халықаралық экономикалық ұйымдар мен бірлестіктердің нысандарының бірі бұл Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі – ТМД) болып табылады. Жүргізіліп жатқан өзгерістер сауда-экономикалық ынтымақтастықтың келешегін айқындау, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу, туындаған проблемаларды шешу жолдарын табу мақсатында болып жатқан оқиғаларды үнемі зерделеуді талап етеді. Мұның бәрі зерттеудің өзектілігін анықтайды.

Зерттеудің мақсаты ТМД аясында Қазақстанның сыртқы саудасының қазіргі жай-күйі мен даму деңгейіне талдау жүргізу негізінде осы ұйымға мүше елдермен сыртқы сауда бағыттарының әлеуетін бағалау болып табылады.

Сол себепті *зерттеу объектісі* ретінде бірыңғай халық шаруашылық кешені шеңберінде ортақ даму тарихының әсері негізінде қалыптасқан Қазақстанның Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастығы алынды. Талдау ресми статистикалық мәлеметтерде белгіленген ТМД мемлекеттері мен Қазақстанның арадағы сыртқы саудасын қамтыған. Айта кету керек, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер қатарына Ресей, Армения, Беларусь және Қырғызстан республикалары кіреді. Қалған мемлекеттер Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін мемлекеттер болып саналады.

Қазақстанның мүшелікке өткен интеграциялық бірлестігі мемлекеттері аясында сыртқы сауданың негізі экспорты мен импорты бойынша статистикалық деректерді пайдалана отырып, сыртқы сауданың тауар айналымын бағалауда салыстырмалы мен статистикалық талдау секілді *зерттеу әдістері* кеңінен қолданылды.

Әдебиеттік шолу. Әлемдік экономиканың жаһандануы, ұлттық экономикалардың қызмет етуінің сыртқы экономикалық және сыртқы саяси жағдаятының құбылмалылығы кезінде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз етуде сыртқы сауда ерекше маңызға ие. Ұлттық экономикалардың тұрақты дамуы үшін экономиканың экспорттық әлеуетін арттыра отырып, сыртқы сауда балансын қамтамасыз ету маңызды.

Қазіргі әлемде тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің экспорты экономиканың тәуелсіздігі мен өзін-өзі қамтамасыз етуін анықтайтын көрсеткіш ретінде әрекет етуде. Халықаралық нарықтарда экспорттық операцияларды жүзеге асыра отырып, ел өз мүмкіндіктерін көрсетеді, сол арқылы өзін ұзақ мерзімді сенімді сауда-экономикалық қарым-қатынастар орнатуға болатын сенімді серіктес ретінде көрсетеді [1].

Шетелдік сарапшылардың (Дж. Сакс, П. Десай, Р. Гетц, М. Олкотт және т.б.) ТМД елдерінің дамуына арналған зерттеулерінде мемлекетаралық ынтымақтастық пен ТМД елдерінің экономикасының дамуы арасындағы қарым-қатынас проблемалары маңызды орын алады. Әсіресе өзекті тұжырымдар жасаған венгр ғалымы Корнай Й., ол өз еңбектерінде экономикалық модернизацияның осы аймақтағы қоғамдық қатынастарды ырықтандыруға тікелей тәуелділігін барынша айқын көрсетеді [2].


Экономикалық қайта құрулар барысында бұл елдердің сауда қатынастарының дамуында жаңа құбылыстар мен тенденциялар, сондай-ақ дәстүрлі қалпына келтіру және сауда қатынастарының жаңа нысандарын іздеудегі мәселелер мен қиындықтар туындайды. Жүргізіліп жатқан өзгерістер сауда-экономикалық ынтымақтастықтың келешегін анықтауды, оны жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуді, туындаған мәселелерді шешу жолдарын табу мақсатында болып жатқан оқиғаларды үнемі зерделеуді талап етеді [3].

ТМД құрылған сәттен бастап бүгінгі күнге дейін толыққанды халықаралық ұйым болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымы (бұдан әрі – БҰҰ) тарапынан оның ұйым ретінде мойындауы маңызды фактор болып табылады. Атап айтқанда, ТМД Жарғысы БҰҰ 102 бабына сәйкес осы халықаралық ұйымның Хатшылығында тіркелген [4].

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері ең жақын көршілер және дәстүрлі түрде Қазақстанның ең маңызды сауда серіктестері болып табылады. Экономикалық қайта құрулар барысында осы елдер арасындағы сауда қатынастарының дамуында жаңа құбылыстар мен тенденциялар, дәстүрлі қалпына келтіру және сауда қатынастарының жаңа формаларын іздеудегі мәселелер мен қиындықтар туындайды. Сондықтан ТМД елдері елдердің заңнамасын біріздендіру мен үйлестіру механизміне ерекше көңіл бөлуде [5].

Негізгі бөлім. ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымы жыл сайын өсіп келді. Егер 2010 жылы елдің жалпы тауар айналымындағы бұл достастыққа мүше елдердің үлестері 26,1 % болса, 2019 жылы бұл көрсеткіш 28,0 жетті, ал 2021 жылы 32,6 % жетті. Яғни ТМД елдерімен арасындағы сауда-саттық қатынастар өскенін айтуға болады. Оны төмендегі 1 суреттен байқауға болады.

Қазақстанның сыртқы сауда құрылымында ТМД елдеріне экспорт пен импорт көлемі де өскен болатын. 2021 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда достастыққа мүше елдеріне экспорт көлемі 36,5 % өскен болатын, алайда пандемия салдарынан 2020 жылдық қорытындысы бойынша 9,5 % төмендеген. Импорт та бұл елдерге 2021 жылы алдыңғы жылға қарағанда 29,3 % өссе, 2020 жылы бойынша 7,0 % төмендеген болатын.




1-сурет. Қазақстанның сыртқы сауда айналымындағы ТМД елдерінің үлесі, млрд. АҚШ доллары*

* [6, 7, 8] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған

Қазақстанның жалпы сырттан импортталатын тауарлар мен қызметтердің көлемінде ТМД елдерінен импорттың үлесі жоғары. Мәселен, 2010 жылы жалпы импортындағы ТМД елдерінен импортының үлесі 47,9 % болса, 2021 жылы 50 %-ға жеткен болатын. Басқаша айтқанда, елге импортталатын тауарлар мен қызметтердің тең жартысы ТМД елдерінен әкеленеді.

ТМД елдеріне экспортталатын тауарлар мен қызметтер мөлшері соңғы жылдары артқан болатын. 2021 жылы ТМД елдеріне экспорт жалпы елдің экспортының 20,7 % дейін артқан болатын, бұл 2010 жылмен салыстырғанда 40,4 %-ға өскендігін көрсетеді.



2-сурет. Қазақстанның жалпы сыртқы сауда айналымындағы ТМД елдерінің үлесі мен мөлшері, млрд. АҚШ доллары*

* [6, 7, 8] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған

ЕАЭО елдеріне жатпайтын елдермен сыртқы сауда айналымы соңғы жылдары біркелкі болып келеді. ЕАЭО елдеріне жатпайтын елдермен сыртқы сауда айналымы 6-6,5 % шамасында.


Айта кету керек, Қазақстан мен ТМД елдері арасындағы сыртқы сауда 2 бағытта жүзеге асырылады. Біріншісі, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүше және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасындағы сыртқы саудасы, екіншісі Еуразиялық экономикалық одаққа кірмейтін мемлекеттер арасындағы сыртқы сауда.

Қазақстанның сыртқы сауда құрылымында ЕАЭО елдеріне жатпайтын елдермен сыртқы сауда көлемі соңғы жылдары артқан. Алдыңғы жылға қарағанда сыртқы тауар айналымы көлемі бұл елдермен 2021 жылы қайтадан 38,0 % артқан, бірақ 2020 жылы пандемия салдарынан 15 % төмен болған.

ЕАЭО елдеріне жатпайтын елдерге экспорт көлемі де артып келеді. Мәселен, алдыңғы жылмен салыстырғанда 2021 жылы экспорт көлемі бұл елдермен 34,5 %, бірақ 2020 жылы пандемия салдарынан 6 % төмендеген болатын. Импорт көлемі де соңғы жылдары ЕАЭО елдеріне жатпайтын елдерден біршама өсіп келеді. Мәселен, алдыңғы жылмен салыстырғанда 2021 жылы импорт көлемі бұл елдерден 47,1 % өскен, бірақ 2020 жылы пандемия салдарынан 31,9 % төмендеген.

Сонымен бірге, ЕАЭО елдеріне жатпайтын елдермен сыртқы сауда құрылымында экспорт пен импорттың үлестері әр жылдары әр түрлі.

Қазақстанның сыртқы сауда құрылымында ЕАЭО елдеріне жатпайтын елдердің үлесі аса елеулі емес. ЕАЭО елдеріне жатпайтын елдермен сыртқы сауда айналымында үлестері біршама ғана өзгерген. Мәселен, 2017 жылмен салыстырғанда сыртқы сауда айналымында үлестері 2021 жылы 8,3 % өскен болатын. ЕАЭО елдеріне жатпайтын елдерге экспорттағы үлестері 2010 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 5,9 % көбейген болатын. Сонымен бірге, ЕАЭО елдеріне жатпайтын елдерден импорттағы үлестері 2010 жылмен салыстырғанда 2021 жылы керісінше 0,6 % азайған болатын.




3-сурет. Қазақстанның жалпы және ТМД елдері аясында экспорт көлеміндегі ЕАЭО мүше және мүше емес елдердің үлесі мен мөлшері, млн. АҚШ доллары*
* [6, 7, 8] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған

ЕАЭО елдері мен Қазақстан арасындағы сыртқы сауда көлемі жыл сайын өсіп келеді. 2020 жылы пандемия салдарынан Қазақстанның ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда көлемінің қысқаруы бар. Алайда тауар айналымы жыл сайын тұрақты артып келді. Бірақ ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда құрылымында экспортқа қарағанда импорттың үлесі басым. Экспорт пен импорт арасындағы арақатынас 2010 жылы 1,7 есе болса, 2015 жылы 2,1 есе, 2019 жылы 2,4 есе, 2020 жылы 2,6 есе және 2021 жылы бұл көрсеткіш 2,4 есе болған.

Сонымен бірге ЕАЭО елдерімен сыртқы тауар айналымы жыл сайын өсім көрсетіп отыр. Мәселен, 2021 жылы алдыңғы жылмен салыстырғанда 30,5 % артқан, тек 2020 жылы пандемия салдарынан 6,1 % кеміген болатын. Сәйкесінше, экспорт пен импорт көлемі де өзгерген болатын. ЕАЭО елдерінен импорт көлемі 2021 жылы 27,6 % өскен, ал 2020 жылдың қорытындысы бойынша 3,8 % кеміген болатын. ЕАЭО елдеріне экспорт көлемі 2021 жылы 37,8 % көбейсе, 2020 жылы 11,5 % кеміген. Бұл сәйкесінше сыртқы сауда құрылымында экспорт үлесінің азаюына әкелді. Қазақстанның ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда көлемінде экспорттың үлесі 2010 жылы 13 % болса, 2021 жылы сол мөлшерде қалыпты.

Қазақстанның ЕАЭО елдерімен сыртқы сауда құрылымында экспорттың үлесі аз импортқа қарағанда. ЕАЭО елдеріне экспорттың үлесі 2021 жылы 9,2%-ға артқан алдыңғы жылға қарағанда, бірақ 2020 жылы 8,2 % кеміген. Импорт көлемінің үлесі керісінше 2010 жылмен салыстырғанда 2021 жылы 2,1 % өскен.



4-сурет. Қазақстанның жалпы және ТМД елдері аясында импорт көлеміндегі ЕАЭО мүше және мүше емес елдердің үлесі мен мөлшері, млн. АҚШ доллары*

* [6, 7, 8] дереккөздері негізінде авторлармен құрастырылған

Қазақстанның ТМД елдерімен сыртқы сауда құрылымында басым бөлігі Ресей Федерациясына келеді. 2021 жылы Ресей Федерациясының үлесі артқан болатын алдыңғы жылдармен салыстырғанда. Ресей Федерациясына экспорт көлемі 2021 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 51,3 % артқан. Тек пандемия салдарынан 2020 жылы бұл елге экспорт көлемі алдыңғы жылға қарағанда 11,7% азайған. Алайда, 2021 жылы қайтадан 40,2 % өскен. Айта кету керек, Ресей Федерациясына экспорттың мөлшері жалпы ТМД елдеріне экспорттың 56,2 %-ын құрайды. 2017 жылы бұл көрсеткіш 55,9%-ын құраған болатын. Ресей Федерациясының ТМД елдеріне экспортындағы үлесі 0,3%-ға өскенін көруге болады.

Қазақстан экспортының елеулі бөлігі ТМД елдерінен ішінде Өзбекстан Республикасына бағытталады. Өзбекстан Республикасы ЕАЭО елдеріне жатпайтын мемлекеттер қатарында. Өзбекстан Республикасына экспорт көлемі 2021 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 2,2 есе артқан. Сонымен бірге пандемияға қарамастан 2020 жылы бұл елге экспорт көлемі алдыңғы жылға қарағанда 7,1% өскен. Өзбекстан Республикасына экспорт тұрақты жыл сайын өсіп келеді. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Өзбекстан Республикасына экспорттың мөлшері жалпы ТМД елдеріне экспорттың 22,2 %-ын құрады. Бұл көрсеткіші 2020 жылғы көрсеткішке қарағанда аз. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Өзбекстан Республикасының үлесі елдік экспортында 23,36 % болған. Өзбекстан Республикасына экспорт тұрақты жыл сайын артып келеді.

Қазақстанның экспортқа деген қызығушылық көп танытып отырғанын ескеретін болсақ, сыртқы сауда көлемінде экспорттың үлесі импортқа қарағанда кем. Және де оның көлемі кейбір ТМД елдеріне азайған.

Қазақстанның ТМД елдерімен сыртқы сауда айналымындағы импорттың көлемі артқан. Яғни, Қазақстанның ТМД елдерімен сыртқы сауда көлемінде импорттың мөлшері достастықтың барлық мүшелерден артқан. Ресей Федерациясынан елге импорт көлемі соңғы жылдары басым және осы елден соңғы жылдары импорт тұрақты өсіп келген.

Ресей Федерациясынан импорт көлемі 2021 жылы 2017 жылмен салыстырғанда 50,1 % артқан. Тек пандемия салдарынан 2020 жылы бұл елден импорт көлемі алдыңғы жылға қарағанда 3,8 % азайған. Алайда, 2021 жылы қайтадан 27,8 % өскен. Айта кету керек, Ресей Федерациясына импорттың мөлшері жалпы ТМД елдерінен импорттың 84,7 %-ын құраған. Ресей Федерациясының ТМД елдеріне экспортындағы үлесі 1,6%-ға өскенін көруге болады.

Сонымен бірге, Қазақстан импортының елеулі бөлігі ТМД елдерінен ішінде Өзбекстан Республикасынан келеді. Өзбекстан Республикасынан импорт көлемі 2021 жылы 2017 жылға қарағанда 43,6 % артқан. Алайда пандемия салдарынан 2020 жылы бұл елден импорт көлемі алдыңғы жылға қарағанда 44,1% кеміген. Өзбекстан Республикасынан импорт соңғы жылдары артып келе жатқанын көруге болады. 2021 жылдың қорытындысы бойынша Өзбекстан Республикасынан импорттың мөлшері жалпы ТМД елдерінен импорттың 5,1 %-ын құрады. Бұл көрсеткіші 2020 жылғы көрсеткішке қарағанда көп. 2020 жылдың қорытындысы бойынша Өзбекстан Республикасының үлесі елдің импортында 4,9 % болған.

Қазақстанның ЕАЭО елдерімен сыртқы саудасында импорт көлемі Беларусь Республикасынан елеулі артқан. Алайда үлесі жағынан бұл елдің үлесі қалыпты деуге болады. 2017 жылы елдің импортындағы Беларусь Республикасының үлесі 3,8 % болса, 2021 жылы 3,8 % -ға дейін қысқарған. Жалпы Беларусь Республикасынан импорт көлемі соңғы жылдары тұрақты болып қала берді.

Жалпы қазақстанның экспорттық пен импорттық көлемдеріне ТМД мүше мемлекеттерге экспорттың және импорттың қаншалықта әсері бар екеніне талдау жасалған болатын.

Жалпы отандық экспорттың көлеміне Достастыққа мүше мемлекеттерге экспорттың көлемінің әсері аса елеулі емес екендігі айқындалған. ТМД мүше мемлекеттер аясында отандық экспорттың басым бөлігі Ресей Федерациясына жөнелтіледі. 2021 жылдың қорытындысы бойынша аталмыш елге шамамен 7,1 млрд АҚШ доллары көлемінде экспорт бағытталған. Бұл шамамен жалпы елдің экспорт көлемінің 11,6 % құрайды. ТМД мүше елдері шеңберінде Өзбекстан мен Қырғызстан республикаларына отандық экспорттың елеулі бөлігі жөнелтіледі. Сәйкесінше, Өзбекстанға жалпы экспорт көлемінің 4,6 %, ал Қырғызстанға 1,2 % тиесілі.

Регрессиялық талдау нәтижелері көрсеткендей, аталған көрші мемлекеттердің жалпы елдің экспорт көлеміне әсері шамалы және елеулі байланыс анықталмады. Алайда, айта кету керек, елдің ТМД мүше мемлекеттеріне жалпы экспортында аталмыш елдердің үлесі жоғары болғандықтан, жалпы Достастық елдеріне экспорттың көлемі мен жекелеген елдер арасындағы байланыс елеулі екендігін көрсетті. Жалпы достастық мемлекеттеріне экспорттың көлеміне Ресей Федерациясына экспорттың көлемі арасындағы байланыс тығыз. Байланыстың тығыздығы шашамен $R^2=0,95$ құрап отыр [9]. Байланыстың қаншылықты зор болатындығын келесімен есептеп анықтауға болады:

$$y = 1327,89 + X_1 * 1,2 + X_2 * 0,97;$$

Алайда, Өзбекстан мен Қырғызстан республикаларының импорттағы үлестері арасындағы байланыс елеулі екендігін ескеру керек.

Сонымен қатар, елдің импорт көлемінде Ресей Федерациясының үлесі басым. Бұл елден импорт 2021 жылы жалпы импортының 42,5 %, ал жалпы достастық елдер импортының 84,7 % құраған. Одан кейін ТМД елдері ішінен Өзбекстан және Беларусь республикалары тұр, 2,6 % және 1,9 %. ТМД мемлекеттері арасындағы ел импортының жалпы көлемінде бұл елдердің де үлестері жоғары. Айта кету керек, регрессиялық талдау нәтижелері көрсеткендей, Беларусь республикасынан жалпы елдің импорт көлеміне әсері елеулі байланыс бар екендігін көрсетеді. Байланыстың тығыздығы шашамен $R^2=0,93$ құрап отыр.

Сондай-ақ, ТМД мүше мемлекеттерінен жалпы импортында аталмыш мемлекеттердің үлесі жоғары болғандықтан, жалпы Достастық мемлекеттерден импорттың көлемі және Ресей Федерациясы мен Беларусь республикалары арасындағы байланыс елеулі екендігін көрсетеді. Байланыстың тығыздығы Ресей Федерациясы шашамен $R^2=0,99$ құраса, Беларусь республикасымен шашамен $R^2=0,96$ құрап отыр. Бірақ, Ресей Федерациясы мен Беларусь республикасының импорттағы үлестері арасындағы байланыс та жоғары екендігін ескеру керек.

Қорытынды. Сонымен, экономикалардың ерекшеліктері, бір жағынан, олардың ортақ белгілері, екінші жағынан, ТМД даму ерекшеліктерін айтарлықтай дәрежеде анықтайды. Қазақстанның сыртқы сауда құрылымында ТМД елдерімен тауар айналымы артып келеді. Қазақстанның ТМД елдеріне экспорттың басым бөлігі Ресей Федерациясына бағытталады. Жалпы елдің экспортындағы ТМД елдерінің үлесі соңғы жылдары елеулі өзгерді. Соңғы жылдары ТМД елдерінің жалпы экспорттағы және импорттағы үлестері басым елдер қатарында Ресей Федерациясы, Өзбекстан Республикасы Тәжікстан Республикасы және Беларусь Республикалары орналасқан.

Жүргізілген талдау Достастық мемлекеттерінде интеграциялық үдерістердің негізі болып табылатын салаішілік кооперативтік байланыстардың дамымағанын көрсетті. ТМД елдері өзара сауда құрылымында көрініс табатын салааралық деңгейде бірін-бірі толықтырады. Қазақстан мен ТМД елдері арасындағы тауар айналымында әлемдік нарықтардағы конъюнктураға жоғары тәуелді отын мен шикізаттың басым болуы ұлттық шаруашылық кешендерінің тығыз байланысына әкелмейді.

Достастық елдерінің әлемдік нарық конъюнктурасына тәуелділігіне байланысты құлдырау олардың экономикалық дамуының ауқымы мен динамикасына айтарлықтай әсер етеді.

Интеграциялық әлеуетті тиімді пайдалану интеграцияның жаңа тәсілдері мен үлгілерін әзірлеуді талап етеді. ТМД нарығының әлеуетін кейіннен ұтымды пайдалану үшін қалыптасқан жағдайда бизнесті алға жылжыту, экономикалық ынтымақтастыққа жүйелі сипат беру қажет. Бұл

ретте еркін сауда аймағын, ортақ экономикалық кеңістікті қалыптастыруға және бірлескен инвестициялық жобаларды іске асыруға, ортақ нарықтарды, оның ішінде ТМД-дағы халықаралық көлік дәліздерін дамытуға, бірлескен кәсіпорындар құруға, қаржылық және өндірістік топтар.

Өзара іс-қимылдың жетекші нысандары ретінде ТМД аумағындағы өңіраралық және шекаралық байланыстарға ерекше назар аудару қажет. Өңірлік мүмкіндіктерді неғұрлым қарқынды пайдалану, жоғары технологиялар, ауыл шаруашылығы, көлік инфрақұрылымы саласындағы байланыстар. Ең перспективалысы – агроөнеркәсіп кешені мен машина жасау салаларындағы жобаларды бірлесіп жүзеге асыру.

Осылайша, отыз жылдан астам тарихы бар ТМД қиын кезеңдерді бастан өткеруде, бірақ сонымен бірге Достастық одан әрі оң даму мүмкіндіктерін сақтап, ТМД егеменді мемлекеттерінің күрделі мәселелерін шешу үшін әлеуеті бар екендігін айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аргынгазинов А.А. Внешняя торговля Казахстана: современные тенденции и особенности экспорта // Российский внешнеэкономический вестник. – 2021. – № 6. – С. 23-32.
2. Kornai J. Innovation and Dynamism. Interaction between Systems and Technical Progress // Economics of Transitions. – 2020. – № 18(4). – P. 629-670.
3. Воронина Т.В. Интеграционный потенциал стран СНГ: перспективы его реализации // Вестник Ростовского государственного экономического университета (РИНХ). – 2011. – № 1. – С. 113-121.
4. Свидетельство о регистрации Устава Содружества Независимых Государств в ООН. – URL: <https://cis.minsk.by/page/11330>.
5. Баймагамбетова З.М. Межпарламентская Ассамблея СНГ как механизм унификации // Вестник КазНУ. Серия международные отношения и международное право. – 2014. – № 2(66). – С. 340-344.
6. Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы және бірлескен кәсіпкерлігі. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі. – Алматы. – 2022. – 226 б. – URL: <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>.
7. Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті. – Астана. – 2014. – 290 б. – URL: <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>.
8. Қазақстан Республикасының сыртқы саудасы. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы. – Астана, 2022. – 453 б. – URL: <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection>.
9. Каморников С.Ф. Эконометрика: учебное пособие / С.Ф. Каморников, С.С. Каморников. – М.: Интеграция, 2012. – 262 с.

REFERENCES

1. Argyngazinov A. Vneshnjaja trgovlja Kazahstana: sovremennye tendencii i osobennosti jeksporta // Rossijskij vneshnejekonomicheskij vestnik. – 2021. – № 6. – S. 23-32 [in Russian].
2. Kornai J. Innovation and Dynamism. Interaction between Systems and Technical Progress // Economics of Transitions. – 2020. – № 18(4). – P. 629-670.
3. Voronina T. Integracionnyj potencial stran SNG: perspektivy ego realizacii // Vestnik Rostovskogo gosudarstvennogo jekonomicheskogo universiteta (RINH). – 2011. – № 1. – S. 113-121 [in Russian].
4. Svidetel'stvo o registracii Ustava Sodruzhestva Nezavisimyh Gosudarstv v OON. – URL: <https://cis.minsk.by/page/11330> [in Russian].
5. Bajmagambetova Z. Mezhpardamentskaja Assambleja SNG kak mehanizm unifikacii // Vestnik KazNU. Serija mezhdunarodnye otnoshenija i mezhdunarodnoe pravo. – 2014. – № 2(66). – S. 340-344 [in Russian].
6. Kazakstan Respublikasynyn syrtky saudasy zhane birlesken kasipkerligi. Kazakstan Respublikasynyn Statistika zhonindegi agenttigi. – Almaty. – 2022. – 226 s. – URL: <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> [in Kazakh].
7. Kazakstan Respublikasynyn syrtky saudasy. Kazakstan Respublikasy Ul'tytk jekonomika ministrliги Statistika komiteti. – Astana, 2014. – 290 b. – URL: <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> [in Kazakh].

8. Kazakstan Respublikasynyn syrtyk saudasy. Kazakstan Respublikasy Strategijalyk zhosparlau zhane reformalar agenttigi Ulttyk statistika bjurosy. – Astana. 2022. – 453 b. – URL: <https://stat.gov.kz/edition/publication/collection> [in Kazakh].

9. Kamornikov S. Jekonometrika: uchebnoe posobie / S. Kamornikov, S. Kamornikov. – M.: Integracija, 2012. – 262 s. [in Russian].

Камали К.М., Тасмаганбетов А.Б., Тлеубергенова М.А., Джунербаев К.

**ВНЕШНЕТОРГОВЫЕ ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА
СО СТРАНАМИ СОДРУЖЕСТВА НЕЗАВИСИМЫХ ГОСУДАРСТВ**

Аннотация

В статье рассматривается внешнеторговое положение Казахстана с государствами-членами Содружества Независимых Государств. Определены товары, занимающие значительные доли в структуре внешней торговли за последние годы. Представлен внешнеторговый оборот республики в рамках Содружества Независимых Государств. Проанализирована структура внешней торговли со странами-участницами Содружества. Определены доли в структуре внешней торговли Казахстана в рамках государств-участников Содружества Независимых Государств, а также оценен объем внешней торговли с государствами, входящими и не входящими в Евразийский экономический союз. Определено, что в структуре внешней торговли республики преобладает доля стран Содружества. Охарактеризованы структура и объем внешней торговли Казахстана со странами Содружества. Проанализированы изменения объема, доли и темпов внешней торговли между странами Содружества, а также доли стран в товарообороте и прирост товарооборота в рамках Содружества по странам. Оценены доли стран в торговле со странами Содружества, с учетом экспорта и импорта страны, приведены темпы и доли их изменения. В целом был проведен анализ влияния экспорта и импорта в государства-участники СНГ на объемы экспорта и импорта Казахстана.

Kamali K., Tasmaganbetov A., Tleubergenova M., Junerbaev K.

**FOREIGN TRADE SITUATION OF KAZAKHSTAN WITH THE COUNTRIES
OF THE COMMONWEALTH OF INDEPENDENT STATES**

Annotation

The article examines the foreign trade situation of Kazakhstan with member states of the Commonwealth of Independent States. In recent years, goods with significant and predominant shares in the structure of foreign trade have been determined. The foreign trade turnover of the main exporting regions of the Republic within the framework of the Commonwealth of Independent States is presented. The structure of foreign trade with the Commonwealth member countries was analyzed. In the structure of foreign trade of Kazakhstan within the framework of the member states of the Commonwealth, the volume of foreign trade with the states that have become members of the Eurasian Economic Union and those that have not become members of the Commonwealth of Independent States has been evaluated. Among the countries of the Commonwealth of Independent States, it was determined that the share of the countries of the Commonwealth of Independent States prevails in the foreign trade structure of the republic. The structure and volume of Kazakhstan's foreign trade with the Commonwealth countries were described. At the same time, changes in the volume, share and rate of foreign trade between the Commonwealth countries were considered. The shares of the countries in the trade turnover and the growth of the trade turnover within the Commonwealth were determined by country. The shares of the countries in the trade with the Commonwealth countries were evaluated, the export and import of the country were considered, and the rates and shares of their changes were given. In general, an analysis was made of the influence of exports and imports to the CIS member states on the export and import volumes of Kazakhstan.

